

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарын беру туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 15 шілдедегі № 329-V ҚРЗ

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарын беру туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарын беру туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартын (бұдан әрі - Жалға беру шарты),

және 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

Байқоңыр қаласы аумағының Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі екенін және Тараптар мемлекеттері азаматтарының Қазақстан Республикасында да, Ресей Федерациясында да ұсынылатын оқу жоспарларын, бағдарламалары мен оқулықтарды оқыту тіліне қарамастан таңдау құқығына конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде өзара іс-қимылдың қажеттілігін мойындай отырып, балаларға және тізбесі осы Келісімге қосымшада жазылған Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарының жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ресей Тарапы Байқоңыр қаласының Ресей Федерациясы юрисдикциясындағы білім беру ұйымдарын (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) береді, ал Қазақстан Тарапы тізбесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада жазылған білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының юрисдикциясына қабылдап алады.

2-бап

Білім беру ұйымдарын қабылдау-беру олардың нақты жай-күйі бойынша олардың техникалық және пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады және Ресей Тарапының Ресей Федерациясы қаражатының есебінен сатып алынған, Байқоңыр қаласының Ресей Федерациясы Мүліктік және жер қатынастары жөніндегі басқармасында тіркелген және білім беру ұйымдарының оралымды басқаруындағы білім беру ұйымдарының мүлкін Қазақстан Тарапының меншігіне беруді қамтиды.

3-бап

Қабылдау-беруді жүзеге асыру үшін Тараптар өз өкілдерінен және уәкілетті органдардың өкілдерінен бірлескен комиссия құрады. Тараптар бірлескен комиссияның тең төрағаларын тағайындайды, оның құрамын және жұмыс тәртібін айқындайды.

Білім беру ұйымдарын қабылдау-беру нәтижелері бойынша бірлескен комиссия қабылдау-беру актілерін жасайды, оларда, оның ішінде білім беру ұйымдарын Жалға беру шартының аясынан шығару да көзделеді.

Қабылдау-беру актілерін «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясына бекітуге беру үшін оларға бірлескен комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

4-бап

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеуді қоса алғанда, білім беру ұйымдарын қаржыландыру Қызылорда облысының бюджетіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен республикалық бюджеттен трансферттер аудару арқылы жүзеге асырылады.

5-бап

Танымдық белсенділікті ұйымдастыруға және білім алушыларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға байланысты қалалық қоғамдық іс-шаралар алдағы уақытта олардың юрисдикциясына қарамастан, Байқоңыр қаласының барлық білім беру ұйымдарының қатысуымен бірлесіп шешілетін болады.

Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы қалалық қоғамдық іс-шараларды өткізу кезінде білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және/немесе іске асыру кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

7-бап

Тараптар осы Келісімге жеке хаттамалар арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

8-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін уақытша қолданыла бастайды және Тараптардың осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімнің шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар аяқталғанға дейін олардың қолданысына немесе ұзақтығына әсер етпейді.

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Ресей

Федерациясының

Үкіметі

арасындағы

Байқоңыр

қаласының

білім

беру

ұйымдарын

беру туралы келісімге қосымша

Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарының тізбесі

Р/с №	Білім беру ұйымдарының атауы	Мекенжайы
1	2	3
1.	К.Э. Циолковский атындағы № 2 жалпы білім беретін орта мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, Шубников к-сі, № 11
2.	Абай Құнанбаев атындағы № 5 жалпы білім беретін орта мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, Горький к-сі, № 23

3.	Мұхтар Әуезов атындағы № 6 Жалпы білім беретін орта мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, Бейбітшілік к-сі, № 6
4.	Ю.А. Гагарин атындағы № 8 жалпы білім беретін орта мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, 5-ықшам ауданы, № 11 а
5.	№ 11 жалпы білім беретін бастауыш мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, 7-ықшам ауданы, № 27 а
6.	Қ.Х. Тоқмұхамедов атындағы жалпы білім беретін № 14 орта мектеп мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, 6 а-ықшам ауданы, 19
7.	№ 30 аралас «Бәйтерек» балабақшасы мемлекеттік бюджеттік мектепке дейінгі білім беру мекемесі	468320 Байқоңыр қ-сы, 6 а-ықшам ауданы, № 19 а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК